**"Ақмола облысы білім басқармасының**

**Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі**

**Макинск қаласының мектеп-лицейі" КММ**

**Рахманова Гулзахира Рахметовна**

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

**Авторлық бағдарлама**

Элективті курс

# Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында

7-8 сынып

2023жыл

**Құрастырған :**Рахманова Гулзахира Рахметовна

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

**"Ақмола облысы білім басқармасының**

**Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі**

**Макинск қаласының мектеп-лицейі" КММ**

Рецензия жазған:Ш.Уәлихановатындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының лекторы, PhD  Шагирбаева Б.Г.

Авторлық бағдарлама  жалпы білім  беретін орта  мектептің 7-9-сынып оқушыларына  арналған.  Бағдарлама мақал- мәтелдердің  жаратылыстану ғылымымен  байланыстырып, мақал- мәтелдерді  зерттеп ,есте сақтап,  жаңаша көзқараспен  салыстыра  отырып, өмірде  қолдана  білуге  үйренуге арналған курс.

Оқу  бағдарламалары жаратылыстану  бағытымен  оқытылады. Сондықтан мақал- мәтелдермен осы  бағытта  жұмыс істеп, өзінің функциональдық  қабілетін  жетілдіре білетін  оқушы тұлғасын қалыптастыруда бағдарлама  маңызы зор.

Авторлық бағдарламада  әдістемелік құрал ретінде сабақ жоспарлары берілген.

Макинск қаласының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің аудандық әдістемелік отырысында қарастырылды және ұсынылды.

№ 1хаттама   24.08.2022жыл

Қолданысқа енгізілді:  2022 жыл қыркүйек

**"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп-лицейі" КММ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Рахманова Гулзахира Рахметовнаның 7-9 –сынып оқушыларына арналған «Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында» элективті курс бағдарламасына**

**РЕЦЕНЗИЯ**

Авторлық бағдарлама мектеп бағытына байланысты өте тиімді құрылған. Қазіргі таңда оқушылардың басым көпшілігі таңдау пәніне жаратылыстану бағытындағы пәндерді таңдайтын болғандықтан, сонымен бірге мектеп жаратылыстану бағытындағы лицей болғандықтан мақал- мәтелдерді осы аталған ғылыммен байланыстыра оқыту сөздік қор мен ойлау қабілетін дамытуда авторлық бағдарламаның ықпалы мол.

Бағдарлама қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен функционалдык сауаттылығын арттырып, тілдік құзыреттілігін дамытуға, тілдік дағдыларын одан әрі жетілдіру үшін маңызды құрал болып саналады.Автор тапсырмаларды шиыршық тәсілімен жеңілден күрделіге қарай жүйелі түрде дайындаған.Автор мақал- мәтелдерден жаратылыстану ғылымдарын үйрену үшін тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлерінде жаңартылған білім мазмұны бойынша белсенді әдіс –тәсілдерді қолдану арқылы мақсатқа жетуді қарастырған.

Бағдарламада оқу тақырыптық жоспар, бөлімдердің тізімі, теориялық және тәжірибелік сабақтар сауатты құрылған.Теориялық сабақпен қатар практикалық сабақ берілген.

Авторлық бағдарлама оқушылардың технологияның дамыған кезеңінде мақал-мәтелдер арқылы жаратылыстану ғылымын байланыстыра отырып оқу жетістіктерінің артуына, сыни ойлай білетін, өз көзқарастарын дәлелді жеткізе алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру үшін маңызды құрал.

**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының лекторы, PhD** Шагирбаева Б.К.

КАДРЛАР БӨЛІМІ

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
КАДРЛАР БӨЛІМІ

**"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөліміМакинск қаласының мектеп-лицейі" КММ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Рахманова Гулзахира Рахметовнаның 7-9 –сынып оқушыларына арналған «Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында» элективті курс бағдарламасына**

**РЕЦЕНЗИЯ**

Ұсынылған элективті курс оқу бағдарламасына сай жасалған. Оқушыдан терең білімді, жан- жақты талдауы, тұжырымды көзқарастың болуын талап етеді. Бағдарлама талаптардың барлығын ескере отырып құрылған. Түсінік хатта мақсаты, өзектілігі, жаңашылдығы нақты көрсетілген.

Бағдарлама қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, тілдік құзыреттілігін ұштауға, дағдыларды жетілдіруде маңызы зор. Автор тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай тиімді жүйелеген. Мақал- мәтелдердің мағынасын түсініп, өз ойларын жинақы, нақты тұжырымды жаза білу оқушы үшін әрине қиын. Сол мақсаттың үдесінен шығуда автор тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлерінде жаңартылған білім мазмұны бойынша белсенді әдәс- тәсілдерді ұтымды қолданғанын ерекшелігі деп санауға болады. Бағдарламада оқу тақырыптық жоспар, бөлімдердің тізімі, теориялық және тәжірибелік сабақтар сауатты құрылған.Теориялық сабақпен қатар практикалық сабақ берілген.

Авторлық бағдарлама оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне, өз ойын ашық білдіріп, еркін жеткізе алатын оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызды құрал.

Рецензия жазған:
"Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
№2 жалпы орта мектебі" КММ Муса Маржангул

**"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп-лицейі" КММ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Рахманова Гулзахира Рахметовнаның 7-9 –сынып оқушыларына арналған «Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында» элективті курс бағдарламасына**

## РЕЦЕНЗИЯ

7- 9- сыныпқа арналған «Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында» элективті курс бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктері мен мектеп бағытына сай жасалынған. Авторлық бағдарлама оқушылардың функционалдық сауатын арттыру мен сыни ойлауын жетілдіруге үлесі зор.Оқушылар жаратылыстану ғылымдарын оқуда мақал- мәтелдер арқылы да танымдық қабілеттері арта түседі.Ғылымды үйреніп қана қоймай оқушылардың сөздік қоры да арта түседі. Осы бағдарлама арқылы өз жауһарларымыздан түрлі ғылыми ұғымдар мен құбылыстарды анықтай отыра зерделей біледі.Жаратылыстану ғылымдарын үйренуге де көмегін тигізері хақ. Мақал- мәтелдерді де есте сақтап, маңызын жете түсінеді.

Тақырып бойынша жоспарланған сабақ жоспары тиімді тәсілдер арқылы берілген.Топтық, жұптық жұмыс түрлері қарастырылған.Бағдарлама құрылымы талапқа сай, жүйелі құрылған..

**Рецензия жазған:**

А.С.Каренова
"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп-лицейі" КММ директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

**Курс мазмұны:**

1.Түсіндірме жазба ...........................................................................................3-4 бет

2.Оқу- тақырыптық жоспар.........................................................................5-7 бет

3.Бағдарлама мазмұны ........................................................................... 8 бет

4.Сабақ жоспарлары .............................................................................. 9-85 бет

5. Әдістемелік қамтамасыз ету .................................................................. 86 бет

## Түсінік хат

«Мақал- мәтелдер жаратылыстану ғылымында» курсы мектепжаратылыстану бағытындаболғандықтан оқушылардың қажеттілігін ескере отырып сөздік қоры мен тіл байлығын, сыни ойлауын дамыту үшін жоспарланды.

Мақал-мәтелдер - философиялық, көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және ғылыми көзқарастар терең білінетін сөз асылы. Мақал –мәтелдер - сөз өнеріндегі көркемдік қуаты жоғары, философиядағы даналық дүниетанымды даралап көрсететін құдіретті құрал.

Мақал-мәтелдер шығарманың ажарына ғана көркемдікқуат беріп қоймай, әр түрлі ғылымның салаларын қамтиды. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зsecuring зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық санаға ұштасады.

Мақал – мәтелдер сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналған.

**Өзектілігі:**

**1.**Мақал мен мәтелдерталай ғасыр өткен сайын өз мәнін жаңартып, ұрпақтар жалғастығына үздіксіз қажет екенін білдіреді. Мақал-мәтелдерге терең бойлап, әрқайсысын тұщына білсең, ғылымның барлық салаларын байқайтының анық. Мақал - мәтелдерді дұрыс қолдану заманауи әрі өзекті. Мақал-мәтелдерді үйрене отырып жаратылыстану ғылымдарын да тани алу мүмкіндігін ашуға болады.

2. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушының сыни ойлануына, өз ойын жүйелі әрі тұжырымдап жаза білуге дағдыландыружәне функционалдық сауаттылығын дамыту .

Курс аптасына 1 сағаттан 34 сағатқа жоспарланған.

**Жаңашылдығы :**

- Оқушының тілдік құзыреттілігі артады;
- Сыни ойлай біледі ;
- Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді
- Ғылымды үйренуіне ықпал етеді;

**Курстың мақсаты:**

Мақал- мәтелдердегі дидактикалық ғылыми философияны айқындап, оны оқушыларға зерделеу арқылы оқу үрдісіне енгізіп, ғылыми философиялық ой-пікірлердің мүмкіндіктерін айқындап, жаңаша өз пікірлерімен көрсетеді.

**Курстың міндеттері:**

- Мақал –мәтелдердің зерттелуі мен мүмкіндіктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдап сипаттау;

- Мақал- мәтелдердегі философиялық ойларды ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау;

-Мақал- мәтелдердегіфилософиялық ойларды жүйелеп, педагогика пәндеріне енгізудің маңызын көрсету.

- Жаратылыстану ғылымына байланысты мақал- мәтелдерге талданым жасап, жеке көзқарасты нақты деректерге сүйене отырып көрсетіп, дәлел келтіру;

Мақал -мәтелдер дүниетанымдық мазмұнда тек бір халықтың, не ұлттың еншісіне қатысты мәселелерді айтумен шектелмеген, онда адамзат тарихы барысында

сантүрлі ғылыми мәселелерқамтылған. Сондықтанмақал мен мәтелдер өркениетте өз орны бар келелі мәдени мұра екенін оқушыларға паш етіп, оны өз ойларымен қорытындылай отырып, жаңаша көзқарастарын қалыптастырып зерделеп үйренеді.

**Күтілетін нәтиже :**

- Оқушы қызығушылық бағытының , қабілетінің дамуына, кәсіби бейімделуіне жағдай жасайды;
- Өз жұмысына өзіндік баға беруге үйренеді;
- Оқушылардың коммуникативтік құзырлылығы дамиды;
- Іскерлігі мен дағдылары қалыптасады;
- Ой- өрісінің дамуына мүмкіндік туады;
- Функционалдық сауаттылығы артады.

**Күнтізбелік - тақырыптық жоспары.**

Аптасына - 1 сағат.

Жылына - 34 сағат.

| № | **Тақырыптың мазмұны** | **Сағат саны** | Теория | Тәжірибе |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Өткізу түрі** | **Оқушы шығармашылығы** |
| 1 | Кіріспе сабақ . Курстың мақсат, міндетімен таныстыру. | 1 | -Әңгіме;<br>-Талдау; | -Конспект;<br>- Баяндама; |
| 2 | Мақал- мәтелдер туралы | 1 | -Әңгіме;<br>-Талдау;<br>-Теориялық мәлімет; | -Конспект;<br>- Баяндама; |
| 3 | Мақал –мәтелдердің тәрбиелік мәні | 1 | -Зерттеушілік конференция; | Конспект<br>Реферат |
| 4 | Мақал –мәтелдердің тақырыптары | 1 | -Кейс-стади; | Баяндама |
| 5 | Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны. | 1 | -Буклет; | конспект |
| 6 | Мақал- мәтелдер арқылы ғылым үйрену | 1 | Шахмат | конспект |
| 7 | Мақал- мәтелдердің философиялық мәні | 1 | -Ақылдының алты ойлау қалпағы; | Баяндама |
| 8 | Эссе жазу | 1 | -Әлемді шарлау | 150 сөзден тұратын эссе жазу |
| 9 | Мақал- мәтелдерден жаратылыстану ғылымдарын анықтау | 1 | -Автобус аялдамасы; | Презентация |
| 10 | Мақал- мәтелдер тұрмыста | 1 | -ДЖИКСО; | Презентация |
| 11 | Мақал- мәтелдер және табиғат | 1 | -Фишбоун; | конспект |
| 12 | Мақал- мәтелдерден табиғат құбылыстарын үйрену | 1 | -Үштік; | Зерттеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | Математикалық мақал-мәтелдер | 1 | -Еркін әңгіме; | Реферат |
| 14 | Мақал –мәтелдер арқылы өлшеуді үйрену | 1 | -Бэкроним; | Зерттеу |
| 15 | Мақал- мәтелдер мен геометрия | 1 | -Кинометафора; | баяндама |
| 16 | Эссе жазу | 1 | -Эйлер шеңбері; | -200 сөзден тұратын эссе жазу. |
| 17 | Мақал- мәтелдер және физикалық құбылыстар | 1 | -Кувертка; | Конспект |
| 18 | Мақал- мәтелдерде энергия | 1 | -Зерттеушілік конференция; | Баяндама |
| 19 | Мақал- мәтелдер және химия | 1 | -Кейс-стади; | Презентация |
| 20 | Мақал-мәтелдер және денсаулық | 1 | -Буклет; | Буклет |
| 21 | Мақал –мәтелдер - өсімдіктер әлемінде | 1 | -Шахмат; | Зерттеу |
| 22 | Мақал –мәтелдердің экологиямен байланысы | 1 | -Ақылдың алты ойлау қалпағы; | Презентация |
| 23 | Мақал- мәтелдер және мал шаруашылығы | 1 | -Әлемді шарлау | Баяндама |
| 24 | Эссе жазу | 1 | -Автобус аялдамасы; | 200-250 сөзден тұратын эссе жазу; |
| 25 | Мақал- мәтелдер және жабайы аңдарды үйрену | 1 | -ДЖИКСО; | Конспект |
| 26 | Мақал -мәтелдер және егін шаруашылығы | 1 | -Фишбоун; | Баяндама |
| 27 | Мақал-мәтелдер және тамақ өнеркәсібі | 1 | -Үштік; | Презентация |
| 28 | Мақал- мәтелдерді экономикада қолдану | 1 | -Еркін әңгіме; | Реферат |
| 29 | Мақал- мәтелдер және техника | 1 | -Бэкроним; | Конспект |
| 30 | Мақал-мәтелдерден құрылысты үйрену | 1 | -Кинометафора; | Баяндама |
| 31 | Мақал-мәтелдер география ғылымымен бірге | 1 | -Эйлер шеңбері; | Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 32 | Мақал –мәтелдер арқылы астрономияны үйрену | 1 | -Кувертка; | Зерттеу |
| 33 | Эссе жазу | 1 | -Эйлер шеңбері | 200-250 сөзден тұратын эссе жазу; |
| 34 | Қорытынды | 1 | -Ақылдың алты ойлау қалпағы; | |

## Бағдарлама мазмұны

**1-тоқсан 8 сағат**

Кіріспе сабақ .

**Мақсаты:** Курстың мақсат, міндетімен таныстыру.

Мақал- мәтелдер туралы.Мақал –мәтелдердің тәрбиелік мәні.Мақал – мәтелдердің тақырыптары.Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны.Мақал-мәтелдер арқылы ғылым үйрену.Мақал- мәтелдердің философиялық мәні.Эссе жазу

**2-тоқсан – 8сағат**

Мақал- мәтелдерден жаратылыстану ғылымдарын анықтау.Мақал- мәтелдер тұрмыста. Мақал- мәтелдер және табиғат.Мақал- мәтелдерден табиғат құбылыстарын үйрену. Математикалық мақал- мәтелдер.Мақал –мәтелдер арқылы өлшеуді үйрену . Мақал- мәтелдер мен геометрия .Эссе жазу

**Мақсаты:** Мақал- мәтелдер арқылы табиғатты тану.Математикада мақал – мәтелді қолдануға үйрену. Мақал- мәтелдермен өлшем жасай білудіүйрену.Эссе жазу

**3- тоқсан – 10 сағат**

Мақал- мәтелдер және физикалық құбылыстар.Мақал- мәтелдерде энергия. Мақал- мәтелдер және химия.Мақал-мәтелдер және денсаулық.Мақал –мәтелдер - өсімдіктер әлемінде.Мақал –мәтелдердің экологиямен байланысы.Мақал-мәтелдер және мал шаруашылығы. Эссе жазу.

**Мақсаты:** Мақал- мәтелдерді физикалық құбылыстардан, энергиядан, химиядан тауып түсіну, талдау, өзіндік көзқарасын тұжырымдау. Топтық жұмыстар жасау . Эссе жазу **.**Аудандық газетке, әлеуметтік желіге мақала жазу.

**4- тоқсан -8 сағат**

Мақал- мәтелдер және жабайы аңдарды үйрену.Мақал -мәтелдер және егін шаруашылығы.Мақал-мәтелдер және тамақ өнеркәсібі. Мақал- мәтелдерді экономикада қолдану.Мақал- мәтелдер және техника.Мақал-мәтелдерден құрылысты үйрену.Мақал-мәтелдер география ғылымымен бірге.Мақал – мәтелдер арқылы астрономияны үйрену. Эссе жазу

**Мақсаты:** Мақал-мәтелдердің  жануарлар, астрономия, экономикадағы маңызын анықтау.  Тұжырымдау. Топтық жұмыстар жасау . Эссе жазу **.** Әлеуметтік  желіге мақала жазу.

**Сабақ жоспарлары**

| | |
|---|---|
| **Сабақ №1** | Мұғалім: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Кіріспе сабақ . Курстың мақсат, міндетімен таныстыру.** |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал- мәтелдер туралы білім алушылардыңөз көзқарастары қалыптасып, сезініп, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарымен байланыстын тауып , есте сақтап, жаңаша көзқараспен салыстыра отырып үйренеді. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>Мультимедиалық проектор, көрініс құралдары, шараның эпиграфы:<br>Мақал-мәтелдер– халық даналығының қазына байлығы<br>**2. «Миға шабуыл» әдісі**<br>Мақал- мәтелдер кластер жасау |
| **Сабақтың ортасы** | **«Зерттеушілік конференциясы» әдісі** арқылы оқушылар мақал – мәтелдерге кіріспе жасап, бұрын меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>**Мақсаты:** Ұсынылған мәселе бойынша өз елестетулерімен таныстыра біледі. Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Оқушының зерттеушілік шеберлігін анықтай отырып сауалнама өткізеді.<br>**Қолданылуы:**<br>1-қадам.Тақырып беріледі.<br>2-қадам.Топтардың тапсырмаларын анықтау.<br>1.Ұсынылған мәселе бойынша түрлі адамдардың пікірін анықтау мақсатында жазбаша сауалнама өткізу.<br>2. Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтау.<br>А.Берілген тақырыпқа сәйкестігі.<br>В.жинақталған деректердің құндылығы.<br>С.Оқушының зерттеушілік шеберлігі.<br>4.қадам.Топтардың тапсырманы орындауы.<br>5.қадам.Топтардың жұмыстарын бағалауы<br>Ең әуелі, оқушылардың алдында төмендегі ақпарат жазылған парақ жатады.<br>«Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә – сөзді орнына қолдана білмейтіндердіңөздерінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын дұрыс тауып бере білсе,<br>жай сөздің өзі де поэтик тілдің рөлін атқарады.»<br>Қажым Жұмалиев<br><br>**Мақал-мәтел**дер – халық даналығының қазына байлығы. Олар |

| | |
|---|---|
| | ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. **Мақал** мен **мәтел**ге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-**мәтел**дерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «**Мақал** да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады.<br>Мақал-мәтелдер – айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Олар ұстаздық, тәрбиелік рөл атқарады. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа, әрі тұжырымды болады. Сөздер бейнелі, орынды қолданылады. Мақал-мәтелдерден халықтың тіл байлығы көрінеді. Бай сөздік қорымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай берілуіне көмегі мол. Адамның жан-дүниесінің тілдегі көрінісі мақал-мәтелдерде жақсы бейнеленген.<br>**ҚБ: « Белгілер сөйлейді»** әдісі арқылы топтар бірін бірі бағалайды.<br>! - барлығы түсінікті;<br>? - сұрақтарымыз бар;<br>V - біз үшін жаңалық; |
| **Сабақтың соңы** | **« Көршімнің ақылы» әдісі** арқылы алған теориялық мәліметті бекіту негізінде оқушылар жұптық жұмыс жасайды.<br>**1- жұп:** Мақал- мәтелдердің мән-мағынасы.<br>**2 - жұп:** Мақал- мәтелдерді қолдану ерекшеліктері<br>**3 - жұп:** Мақал –мәтелдерден мысал келтіріп, талдау жасау<br>**4 – жұп:**Мақал –мәтелдерге байланысты сөзжұмбақ құрастыру**.**<br>**ҚБ: «Бас бармақ»** әдісі арқылы жұптар бірін-бірі бағалайды.<br><br>Түсіндім Түсінгендеймін Түсінбедім<br>**Кері байланыс**<br>**«Екі жұлдыз, бір тілек»** әдісі арқылы бүгінгі сабақ бойынша, оқушылар кері байланыс жасайды. |

| | |
|---|---|
| | - Бүгінгі сабаққа арналған өз ойын жазу<br><br>- Бүгінгі сабаққа арналған өз ойын жазу<br><br>- Бүгінгі сабаққа, мұғалімге өз тілегін жазу |

| Сабақ №2 | Мұғалім: |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдер туралы. |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал- мәтелдер туралы өздерінің жеке ойын өз бетінше дамытып, нақты және сауатты тұжырымдап, ақпаратты құрылымдап, негізгі ұғымдарды пайдалануға байланысты себеп-салдарды анықтап, мақал- мәтелдердің мағынасын тұжырымдайтын мысалдарды тәжірибені суреттеуге, өзінің қорытындысын жасап үйренеді. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**«Ұшқан тілектер»** тренингі.<br>Ұшатын зат жасап, жасалған заттың қанатына тілек жазып, сыныптастарына бүгінгі күнге тілек айтады.<br>**Мақсаты:** Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын орнату.<br>**2. « Синквейн » әдісі**<br>Оқушылар «Мақал» және «Мәтел» сөзіне бес жолды өлең құрастырады.<br>.<br>**ҚБ: «Смайликтер» әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды. |
| **Сабақтың ортасы** | **« ФИШБОУН » әдісі** арқылы оқушылар мақал- мәтелдер туралы жалпы талдау жасайды.<br>**Мақсаты:** Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.<br>**Қолданылуы:**<br>Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс береді. |




Мақал мен мәтелдер

Мақал - мәтелдер – талай замандар бойы қалыптасып ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал - мәтелдерден халықтың ақыл - ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олар – келелі ой, кең мазмұнды бір - ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал - мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақалдарда ой тұжырымдалып, даналық қорытынды, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалдар: Кең болсаң, кем болмайсың. Әзіл айтсаң да, әділ айт. Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді.

Мәтелдерде ой - пікір мақалдағыдай, тікелей кесіп айту түрінде емес, жанамалап нұсқай салу (ишара) түрінде айтылады.

Мысалдар: Айдағаның екі - ақ ешкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас – бір жартас. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма. Ит ашуын тырнадан алады.

Мақал дегеніміз – тағылым беретін, тәжірибеде көп қолданылатын бейнелі , қысқа, нақыл сөйлем. Мәтел дегеніміз өнерге берелік бейнелі, ырғағы бар сөйлем. Мақалдан айырмашылығы мағынасы ашық болмай ,ишарамен айтылғандығы,сөйлемнің толымсыз болып келуі.

Мақал - мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатыны да, астарлы, келтірінді мағынасында ұғынылатыны да бар.

Мысалы, Олақтан салақ жаман; жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме деген мақалдарды тікелей, тура мағынасында ұғынамыз.

Ал Болат пышақ қын түбінде жатпайды; Қалауын тапса, қар жанар – деген мақалдарды келтірінді мағынасында қабылдап түсінеміз. Мұның алдыңғысы "асыл нәрсе қашан да жарық көреді, ол үнемі жасырын күйінде қалмайды, қалай да бір жарқ етіп шығады" дегенді, ал соңғысы «ретін тапса, қолдан келмейтін іс болмайды» дегенді білдіреді.

Мақал - мәтелдердің көпшілігі образды, бейнелі түрде келіп, астарлы, ауыспалы мағынасында ұғынылады. Мысалы: Темірді қызға кезде соқ. Қолы қимылдағанның аузы қимылдар. Шабан үйрек бұрын ұшар. Сырын білмес аттың сыртынан жүрме.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

**ҚБ: « Жапондық бағалау »** әдісі арқылы топтар бірін бірі бағалайды.




</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>

**4. «Венн диаграммасы» әдісі** арқылыоқушылар мақал мен мәтелді салыстырады.



**Кері байланыс**

**« Дейін, кейін »** әдісі арқылы бүгінгі сабақ бойынша, оқушылар кері байланыс жасайды.

<table>
<tr><th>ДЕЙІН</th><th>КЕЙІН</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>

</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Сабақ №3</td><td>Мұғалім:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td>Мақал –мәтелдердің тәрбиелік мәні</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td>Мақал- мәтелдердің мазмұнын түсінеді, ұғымдарға түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып, тәрбиелік мәнін , қазіргі жағдаймен салыстыра отырып аша алады.</td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>1. Ұйымдастыру<br>« Үш қол» тренингісін өткізеді.<br>Үш түсті қағаздан қолдың пішіні қиылады. Мысалы, көк, қызыл, жасыл. Мұғалім оқушыларды жұппен тұруларын ұсынады. Жұптағы оқушылар мұғалімнің көтерген қолының түсіне байланысты қимылға түсіп амандасады.<br>Көк – оқушылар бір-біріне қол беріп амандасады;<br>Қызыл – құшақтасып амандасады;<br>Жасыл – арқаларымен амандасады;<br>Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын қалыптастыру.<br><br>2. « Түйін сөз » әдісі арқылы оқушылар алдымен, өздері білетін мақал-мәтелдерді бірінен- соң бірі айтып шығу керек.<br>Содан соң сол айтылған мақалдарының мағынасын ашатын түйінді ойды айтып шығады..<br><br>ҚБ: « Бағдаршам» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>Түсінбедім Сұрақтарым бар Түсіндім</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>«Зерттеушілік конференциясы» әдісі арқылы оқушылар мақал – мәтелдің тәрбиелік жағын зерттеп шығады<br>Мақсаты: Ұсынылған мәселе бойынша өз елестетулерімен таныстыра біледі. Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Оқушының зерттеушілік шеберлігін анықтай отырып сауалнама өткізеді.<br>Қолданылуы:<br>1-қадам.Тақырып беріледі. 2-қадам.Топтардың тапсырмаларын анықтау.<br>1.Ұсынылған мәселе бойынша түрлі адамдардың пікірін анықтау мақсатында жазбаша сауалнама өткізу.<br>2. Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтау.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | A.Берілген тақырыпқа сәйкестігі.<br>B.жинақталған деректердің құндылығы.<br>C.Оқушының зерттеушілік шеберлігі.<br>4.қадам.Топтардың тапсырманы орындауы.<br>5.қадам.Топтардың жұмыстарын бағалауы<br><br>Мақал –мәтелдер адамға терең ой салып, көрке, образды сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытады.Бала тәрбиесіндегі халқымыз асыл сөзін, даналық ойларын мақал-мәтелдер арқылы үлгі-өнеге ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдерді тақырыптық жүйемен топтап ұсынған. Мысалы: «Оқу- білім бұлағы», «Еңбек», «Достық-жолдастық», т.б балаларға арналған мақалдар білім алуға, оқуға шақыра отырып, олардың тілін ширатуды көздейді.<br>Еңбек ету, білім алу, жақсы азамат болып өсу үшін тәрбиенің де жақсы болуы керктігі мақал- мәтелдерде толық қамтылады.<br>Мысалы:» Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар.», т.б Мақал-мәтелдердің адал, достық, жақсы жолдастыққа баулитын, адамгершілікке жат мінезден аулақ болуға да тәрбиелейтін тұстары да баршылық. «Жаман аттан аяғым артық, жаман жолдастан таяғым артық», «еңбек түбі зейнет». «Көрнекті ісің үлгі болады,Көріксіз ісің күлкі болады» т.б .Бала тәрбиесіндегі басты мәселенің бірі- еңбек ете білуді, үлкендер еңбегін бағалауды үйрету десек, мақал-мәтелдерде бұл назардан тыс қалмаған.<br><br>**ҚБ: « Пайыз» әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**50%** **70%** **100%**<br><br>**Түсінбедім** **Сұрақтарым бар** **Түсіндім** |
| **Сабақтың соңы** | **Жұппен жұмыс. Мақал -мәтелдердің тәрбиелік мәнін ашып, өз көзқарасыңды білдір.**<br>**1- жұп. Сырлы сөз -сүйіндіреді, Сыпсың сөз- күйіндіреді.**<br>**2- жұп. Піл көтергенді тіл көтереді.**<br>**3- жұп. Жылы- жылы сөйлесең жылан інінен шығады.**<br>**4- жұп. Жақсы кісі ісінен мәлім,Жылқы жасы тісінен мәлім.**<br><br>**Кері байланыс**<br>**«Бүгін сабақта....» әдісі** арқылы сабақ бойынша кері байланыс жасайды.<br>1.Бүгін сабақта біле алдым...<br>2.Менің ойымша, біз үшін маңызды ... |

| | |
|---|---|
| | 3.Өзімнің бүгінгі жұмысымды сәтті деп есептеймін, өйткені...<br>4.Мен үшін қиындық тудырған ... |
| | |

| Сабақ №4 | Мұғалім: |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал –мәтелдердің тақырыптары |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсінеді, олардың ұғымдарына түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып, мақал-мітелдердегі көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіріп, қазіргі жағдаймен салыстыра отырып тақырыптарын жіктей алады. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**«Гүлмен тілек»** тренингісін өткізеді.<br>Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі.<br>**Мақсаты:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.<br>**2. « Тізбектелген логикалық шумақ » әдісі** арқылы оқушылар алдымен мұғалімнің айтқан мақал –мәтелдерін тыңдайды. Тыңдалған мақал -мәтелдің мағынасын ашатын түйінді ойды ашатын сөйлемдерді жазу.<br>**ҚБ: « Бас бармақ » әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**Түсінбедім Сұрақтарым бар Түсіндім** |
| **Сабақтың ортасы** | **3. «Кейс – стади » әдісі** арқылы оқушылар бұрын меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>**Мақсаты:** Оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, тақырыптарын талдауға мүмкіндік береді.<br>**Қолданылуы:**<br>Жұмысты жүргізу үшін бір жағдаят ұсынылады, оны бөліп-бөліп кезекпен оқиды, немесе айтады, қалғандары талдау жасап, өз ойларын ортаға салады.<br>Оқылатын жағдаятқа мақал- мәтелдер тізбесі беріледі.<br>Жауды батыл жеңеді.<br>Дауды ақыл жеңеді<br>Жақсы істің аяғы тыныс |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Жаман істің аяғы ұрыс<br><br>
Даракының күлкісі қанбас,<br>
Жалқаудың ұйқысы қанбас<br><br>
Қайратыңа әдісіңді жолдас ет,<br>
Әдісіңі ақылыңды жолдас ет.<br><br>
Адам әдет етеді, әдет түпке жетеді.<br><br>
Таудың басын көр де, түбіне барма.<br><br>
Су тасты тоздырады.<br><br>
ҚБ: « Бағдаршам » әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br>
<br>
Түсінбедім Сұрақтарым бар Түсіндім
</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>
Қазір біз сендермен мақал- мәтелдерден бұрынғы білімдеріңді байқап көрейік<br>
Мақал - мәтелдерге мысалдар келтіріп , тақырыптарға талдау жасап көрейік
<table>
<tr><td>Мысал</td><td>Тақырыбы</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
6. Кері байланыс<br>
<br>

</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Сабақ №5</td><td>Мұғалім:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td>Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td>Мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орнытуралы ұғымдарға түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіріп өмірдегі қолданылу ерекшеліктерін біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>1. Ұйымдастыру<br>«Заряд алу» тренингісін өткізеді.<br><br>Шаттық шеңберге барлығы тұрып, көздерін жұмады. Бастапқы бастаушы қолды 1 рет қысады, екінші айналымда 2 рет қысады, соңында 3 рет қысады, бұл бастапқы бастаушыға барғанда қанша заряд жібергені бойынша қайта келу керек.<br><br>Мақсаты: Ресурс қажет етпейді. Оқушылар ынтымақтасады. Көңілдерін көтереді.<br><br>2. « Күнделік » әдісі арқылы оқушылар бүгінгі күнге болжау жасайды . Ол үшін мысалдарды оқиды.<br>"Өткен іске өкінбе", "Жасыңда салақ болсаң, бара-бара былық боларсың", "Аузы күйген үрлеп ішер", «Заманың түлкі болса, тазы боп шал».<br><br>
<table>
<tr><th>Кешегі күн</th><th>Бүгінгі күн</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
ҚБ: « Нысана » әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br>


</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>3. « Буклет » әдісі арқылы оқушылар , бұрын меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>Мақсаты: Оқушылар алған білімдерін жинақтап, ең маңыздыларын ұсына алады.<br>Қолданылуы:<br>Бұл әдіс топпен жасалады және «Автобус аялдамасы» әдісімен түсіндіріледі.<br>. Қоғам өмірінің негізі – еңбек. Мысалы: «Еңбек етсең емерсің», «Еңбектің түбі рахат», «Бейнетсіз тапқан малдың рахаты жоқ», «Малды тапқан бақсын, отынды шапқан жақсын», «Ер тарықпай олжа таппас», «Талапты ерге нұр жауар», «Ерінбеген мұратқа</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | жетеді» т.б. мақалдардан адам өзінің маңайындағы жанды-жансыз дүниені әрекет, еңбек арқылы танитындығын көреміз. «Аттың жалында, атанның қомында» жүрген қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке байлаулы, бауыр еті баласын «құлыным», «ботам», «қозым» деп еркелетіп, малын – жанының садағасы, жанын – арының садағасы санаған. Малды қадір тұтып, мал жайында көптеген мақал-мәтел қалдырған. «Жер анасы – мал баласы», «Жері байдың – елі бай», «Таяқ тайға жеткізеді, тай атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді», «Жабағы – тай деп қорлама, жазға шықса ат болар», «Таңдағы піскен құйрықтан, әзіргі шикі өкпе артық», «Ат қадірін білмесең, жаяулық берсін жазаңды, ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазаңды» деген мақалдардың бәрі де мал өсіріп, күнін көрген қазақтардың көшпелі тұрмыс жағдайына сәйкес, тұрмыс-тіршілігімен байланысты шықса керек.<br>Оқу мен өнер-білімді барша жұрт, бар халық түгел игерсе дегенді көздеп, оны мақал-мәтел арқылы насихаттаған. «Оқу – инемен құдық қазғандай», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Өнерлінің ырысы – жарқырап жатар жолында», «Білекті адам бірді жығар, білімді адам мыңды жығар» және басқа да оқу, өнербілім тақырыбына арналған мақал-мәтел өте көп. «Өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары бағалаған қазақ халқы, «Сыйларға асың болмаса, сипарға тілің болсын», «Абайламай сөйлеген ауырмай өледі», «Жақсы тауып сөйлер, жаман қауып сөйлер» деген мақал-мәтелдерде адамның жеке басының талантын, тапқырлығын, білімін, сөз өнерін білетіндігін немесе білмейтіндігін де көрсетеді.<br>Қорыта келгенде мақал мен мәтел – халықтың өзімен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан, қоғамның, жеке адам өмірінің барлық саласына қатысты айтылатын, тарих ғылымы үшін маңызды дерек. Мақал-мәтел халықтың өмірін, тұрмыс-салтын, тіршілік ету сипатын, ғасырлар бойғы кәсібін, өмір сүрген ортасын танытып қана қоймай, халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін, өсу, өркендеу деңгейін де көрсететін тарихи дерек көзі. Философия, психология, мәдениеттану және басқа да ғылым салаларын байланыста зерттеген Густав Густавович Шпет: «Адамның, халықтың, топтың «рухани құрылымы» күнделікті өмірде басқа да нақты тарихи шындықпен үндесіп және басқа да факторлармен байланысып жатады» (Шпет, 1996: 143) – деп жазады, яғни жекелеген адамдардың тауып айтқан мақал-мәтел, ақылнақыл сөздерінде ру-тайпаның, ұлттың саяси, әлеуметтік, рухани-мәдени өмірі, психологиясы, тарихы көрініс береді. |

| | |
|---|---|
| | **ҚБ: « Жеміс » әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br> |
| **Сабақтың соңы** | **4. «Ашық микрофон» әдісі** арқылыоқушылар мақал-мәтелдердің қазақ өміріндегі орны жайлы құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады.<br><br>**Қолданылуы:** Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.<br><br>**5. Кері байланыс**<br><br> |

| | |
|---|---|
| **Сабақ №6** | Мұғалім: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдер арқылы ғылым үйрену |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал- мәтелдерден ғылыми ұғымдарды тауып түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып ғылым түрлерімен байланыстыра алады |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**«Шаттық шеңбері»** тренингісін өткізеді.<br>Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырып, жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.<br>**Мақсаты:** Сабақ басталар алдында қолданылады. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.<br>**2. « Идеялар себеті » әдісі** арқылы оқушылар мақал – мәтелдерден ғылыми жағынан анықтап стикерге жазып салады. Ол үшін сынып үш топқа бөлінеді.<br>1- топ: Жаратылыстану ғылымы<br>2-топ: Эстетика ғылымы<br>3-топ: Гуманитарлық ғылым<br>  <br>Бұл әдістің жүргізілуінің басты мақсаты - оқушылар эссе жазу барысында салыстыру, талдау жұмыстарын жүргізу үшін.<br>**ҚБ: « Ағаштар » әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br>  <br>Түсінікті Түсінгендеймін Түсінбедім |
| **Сабақтың ортасы** | **3. Аудиожазба тыңдайды.**<br>**4. « Шахмат » әдісі** арқылы оқушылар мақал –мәтелдерге кіріспе жасап, бұрын меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>**Мақсаты:** Маңызды ақпарат туралы ой бөлісіп, жазылым, оқылым, |

| | |
|---|---|
| | тыңдалым мен айтылым дағдылары қалыптасады.<br>**Қолданылуы:**<br>Шахмат тақтасының суретін пайдалану арқылы оқушылар бос ақ ұяшықтарға мақал- мәтелдерден ғылым түрлеріне мысалдарды кезекпен жазады, кейін ой бөліседі.<br><br>Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі.<br>Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді.<br>Ішің ауырса аузыңды тый,көзің ауырса қолыңды тый.<br>Сөз-сүйектен өтер, Таяқ еттен өтер.<br>Еліңнің мықтысы бір ғасырға.<br>Бесік баласы бес түлейді.<br>Өмір көрген түлкінің үш-үштен іні болады.<br>Жұт жеті ағайынды<br>Мезгіл жетсе мұз да ерір<br>**ҚБ: « Бас бармақ » әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br> |
| **Сабақтың соңы** | **4. « Желпуіш » әдісі** арқылыоқушылар білетін мақалдарын жинақтап, ойын қағазға ретімен түсіреді. Идеялар талқыланады, жинақталады<br>**Қолданылуы:** А-4 түрлі түсті параққа желпуіш жасалынып, әрбір бөлігіне кезекпен идеялар жазылады, кейін талқыланады.<br>**5. Кері байланыс . «Нысан» әдісі арқылы кері байланыс жасайды.**<br>  |

| | |
|---|---|
| **Сабақ №7** | Мұғалім: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдердің философиялық мәні |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал – мәтелдердің философиялық мәнін түсінеді, философиялық ұғымдарға түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып, мәселені түсіндіріп, қазіргі жағдаймен салыстырады. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>«**Бұзық телефон**» тренингісін өткізеді.<br>Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін сөзді ауыстырып жіберген адам анықталады.<br>**Мақсаты:** Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сергиді.<br>**2. « Бір минуттық әңгіме » әдісі** арқылы оқушылар философия жайлы мәліметті тыңдайды.<br>Философия ұғымы грек тілінен аударғанда даналыққа деген сүйіспеншілдікті білдіреді («филиа» — сүю, «софиа» — даналық). Бұл сөзді ежелгі грек ғалымы Пифагор қолданысқа енгізді, бірақ оның кең колданылуы б.д.д. V ғ. басталды. Бұл уақыттары Грекияның -жоғары дамыған мәдениеті бар, бай гүлденген аймақта, өздерін софистерміз (яғни даналармыз) деп айтатын адамдар болды. Олар тек ойлап, әңгімелесіп қана қойған жоқ, сонымен қатар даналыққа оқытты және оған деген сұраныстар да өте жеткілікті болды. Бірақ даналыққа оқытудьщ, кәсіпке оқытудан көрі көп ерекшелігі бар еді. Онда, адам бірдеңеге үйренді ме, әлде жоқ па, тексеруге болады. Ал, даналыққа оқытудың нәтижесін іспен көрсету қиын. Әрине оқыту үшін аз ақша алынбайтын. Осы жағдайда, табыс табу жолында адамдардың аңқаулығын пайдаланатын, өздерін даналармыз деп атайтын, алдамшылар да жеткілікті болды. Нәтижесінде ел кезуші софистер әзіл-мазақтың объектісіне айналды. Нағыз дана адамдар ақшамен оқытудан алшақ болды. Олар өздерін сыпайы түрде философпын деп атап, біз тек қана даналықты сүйеміз, деп айтатын.<br>1. Философия — адам рухының *(немесе «ақыл-ойының», «санасының» және т.б.)* сөз арқылы болуы, өмір сүруі. Ана тілінің өзі философиялық мәндерге және даналыққа толы, ол әлемді бейнелеу құралы, Алайда философия өзіндік өз тілін жасайды және тек қана сондай тіл арқылы, идеялы түрде әлемді оны игеруге, ұғуға қабілетті.<br>2. Философия барлық бардың мәнін ашатын ақыл-парасат *(разум)* құралы. XX ғасырдың ұлы философтарының пайымдауынша, мән ең соңғы негіз, адамзат болмысының соңғы нақты тұрағы және сонымен қатар, сол болмысты игерудің жалғыз әмбебап құралы больш табылады. Олай болса, философия — адам қарекетін қалыптастыратын дүниетаным әмбебаптарын жасауды іске асырады. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Қайда барсаң да, қазанның құлағы төртеу.<br><br>Жас ағашқа қу ағаш сүйеніп күн көреді.<br><br>Сарының бәрі алтын емес.<br><br>Қазанның куәсі – шөміш.<br><br>Мақсаты: Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді<br>Қолданылуы: Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.<br>Бұл әдістің жүргізілуінің басты мақсаты - оқушылар эссе жазу барысында салыстыру, талдау жұмыстарын жүргізу үшін.<br>ҚБ: « Мадақтау » әдісі арқылы жұптар бірін-бірі бағалайды. Керемет! Тамаша! Ғажап!</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>3. « Ақылдың алты ойлау қалпағы » әдісіарқылы оқушылар философия жайлы кіріспе жасап, меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>Мақсаты: Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.<br>Қолданылуы:<br>Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың<br><br>
</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.<br><br>Сөздік таным, тілдік құбылыстар, адам жасаған ортамен бірге дамып, өсіп жетіліп отыратыны анық. Оның да туу тарихы, дамуы, әлсіреуі, тіпті өлу порцесі болады. Қазақ ауыз әдебиеті қазақ халқының өмір айнасынан алынған философиялық мұрасы. Философия бізге герек тілінен енген ұғым. Бізше болғанда даналықты сүю деп аталады. Бұл күнде философия өзінің даму арнасын барынша кеңейтіп, көп салаланып, әр ғылымға, өнерге, мәдениетке ықпалын тигізіп, уақыт ырғағымен жүріп келеді. Адамзат баласының алғашқы кезеңдерінде өзіне кезіккен заттар туралы алғашқы танымдарын білдіре бастады. Бұл үрдіс жүре келе бір қауымның айналасын ұғыну, түсіну көзқарасын шамалы деңгейде тұрақтандырып, тіршілік ортасымен ұзақ уақыттық байланысы негізінде жетіле береді. Осылайша адамзат санасы жетіле келе, материалистік ұғым бірте-бірте пайда бола бастайды. Айталық, ертедегі үнділер материяны Жер, Су, От, Жел деп пайымдаса, байырғы қытайлар оған металлды қосқан. Ертедегі грек материалистері Су, От, Ауа, Топырақ осыларды материя деп байыптаған. Ал, қазақтың ескі сөздерінде мынадай жолдар кезігеді. «Адам топырақтан, жылқы желден, сиыр судан, түйе сордан, сайтан оттан жаралған». Бұл ұғымдар көне грек, қытай, үнді философиясындағы танымдарымен біршама сәйкес келеді. Және олардікіндей абстрактілі емес, нақты, өміршең. Адамның топырақтан жаралу туралы ұғымы да түпқазақтың дүниетанымынан алыс болмаса керек. Қазақтың ескі аңыздарындағы адам туғанда бұрық еткен топырағына жерленеді деген ұғым да содан қалыптасса керек. Ал жылқының, сиырдың, түйенің жаралуы туралы айтылым кәсіптік тәжірбиеден келгені даусыз.<br><br>Материалды көшіріп жариялау үшін редакцияның немесе автордың жазбаша, ауызша рұқсаты қажет және «Әдебиет порталына» гиперсілтеме берілуі тиіс. Авторлық құқық сақталмаған жағдайда ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңымен қорғалады.<br><br>Философиялық танымдағы алғашқы материялық көзқарас туралы сөз болғанда, қозғалыс туралы айтпай өту мүмкін емес. Өйткені философтардың пайымынша қозғалыс – материяның қайнар көзі, өмір сүруінің түбірлі формуласы. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа», «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді», «Орнында бар оңалар» сынды күнделікті қолданыста жүрген көптеген мақал-мәтелдеріміздің түп мағынасына үңілетін болса, тіршіліктің, өмір арнасының қозғалысына итермелейді. Де<br><br>**ҚБ: « Алма » әдісі** арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>  <br><br>**Түсінікті Сұрақтарым Түсінбедім** |
| **Сабақтың соңы** | **4. « Идеялар ағашы » әдісі** арқылыоқушылар мақал- мәтелдегі философиялық құнды ой жинақтап, ойын стикерге жазып, тақтадағы ағашқа бір-бір идеядан барлық оқушы іледі. Идеялар талқыланады, жинақталады<br><br>**5. Кері байланыс . « Бес саусақ » әдісі арқылы кері байланыс** |





| | |
|---|---|
| | **жасайды.** |

| Сабақ №8 | Мұғалім: |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Эссе жазу |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал –мәтелдердің мазмұнын түсінеді, ғылыми мәні барұғымдарға түсінік бере алады, талдау тапсырмаларын орындай отырып, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіріп, қазіргі жағдаймен салыстыра отырып, эссе жазады. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**«Тормоз»** тренингісін өткізеді. |

| | |
|---|---|
| | Шеңберде тұрып, ретімен саналады. Жүргізуші өз санын айтып, санын шапалақтайды, барлығы солай қайталайды. Сосын басқа оқушының санын айтады, сол кезде сол оқушыәрі қарай жалғастыру керек<br><br>**Мақсаты:** Бұл жаттығу арқылы топта ЖАДА қалыптасады, тыңдалым мен зейін дамиды.<br><br>2. **«Ұшақ» әдісіі** арқылы оқушылар мақал- мәтелдерді айтады бірін -бірі тыңдайды.<br><br>**Мақсаты:**Идеялар талқыланады, жинақталады, шығармашылық қабілеттері дамиды.<br>**Қолданылуы:**1 адам ортаға шығады, жүргізуші оның артында тұрып, бірнеше сөздерді жасырады, ал топтағылар ым-ишара арқылы ғана түсіндіреді. Ортадағы адам қандай сөз жасырылғанын табу керек.<br>**ҚБ: « Ауа райы » әдісі** арқылы жұптар бірін-бірі бағалайды.<br><br><br> |
| **Сабақтың ортасы** | **3. « Сөйлейтін қабырға » әдісі** арқылыоқушылар мақал -мәтелдегі құнды ой жинақтап, ойын стикерге жазып, тақтадағы ағашқа бір-бір идеядан барлық оқушы іледі. Идеялар талқыланады, жинақталады.<br><br>**5.** «Мақал –мәтелдер- ғасырлар шежіресі» тақырыбында **эссе жазу. Эссе құрылымы қалай болады? Нені ескеру керек?**<br>**1. Кіріспе.** Бұл бөлімді үш не төрт сөйлеммен жеткізуге болады. Алғашқы сөйлемнен-ақ оқырманды баурап алуға тырысу керек. Тақырыптың өзектілігін алға тарту маңызды.<br>**2. Негізгі бөлім.** Бұл бөлім кемінде үш азат жолдан тұрып, үш пікірмен ашылғаны дұрыс. Әр пікір кіріспеде көрсетілген мақсатты ашуға жұмыс жасауы керек. Әр азат жол бес-алты сөйлемнен тұрса да болады. Бірінші, екінші сөйлемде негізгі мәселе туралы ақпарат беріледі. Ал үшінші, төртінші сөйлемде осы мәліметке қатысты ойыңыз орын алады. Одан кейінгі сөйлемдерде жалпы ойды қорытындылау керек.<br>**3. Қорытынды.** Басты ескеретін мәселе – жаңа ой жазудан аулақ болу. Мұнда бастапқы көзқарасыңа қайта оралып, оны басқа |

| | |
|---|---|
| | сөйлеммен жеткізуге тырысу керек. Сонымен қатар негізгі бөлімнің әр азат жолының түйінін топтап жазып барып, жалпы қорытынды сөйлеммен аяқтаған дұрыс. |
| **Сабақтың соңы** | Жазылған эссені өз еріктері бойынша оқу<br>**6. Кері байланыс . « 3 – 2 – 1 » әдісі арқылы кері байланыс жасайды.**<br>**3 маңызды мәселе**<br>**2 жаңа ақпарат**<br>**1 қорытынды түйін** |

| **Сабақ №9** | Мұғалім: |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдерден жаратылыстану ғылымдарын анықтау |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал- мәтелдердің мәнін түсініп, жаратылыстану ғылымдарын анықтай алады.Талдау тапсырмаларын орындай отырып көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіріп, қазіргі жағдаймен салыстырады.. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**«Аудағы доп »** тренингісін өткізеді. |

| | |
|---|---|
| | Шеңберде тұрып, қолдарындағы допты бір-біріне тілек айта отырып лақтырады.<br>**Мақсаты:** Бұл жаттығу арқылы топта ЖАДА қалыптасады, тыңдалым мен зейін дамиды.<br>**2. « Шеринг » әдісі**арқылы оқушылар мақал –мітнелдер айтып бірін –бірі тыңдайды.<br>**Мақсаты:** Тақырып бойынша ойларын жинақтайды, пікір алмасады.<br>**Қолданылуы:**Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек.<br>**ҚБ:«Аңдар» әдісі** арқылы топтар бірін бірі бағалайды.<br>  <br>Түсінікті Толықтыру керек Түсініксіз |
| **Сабақтың ортасы** | **3. «Автобус аялдамасы» әдісі** арқылы оқушылар мақал-мәтелдерге кіріспе жасап, меңгерген ақпараттарымен бөліседі. Ол үшін, әр топ бір идеяны бастап, өздері түсініктеме береді, жауаптарын бүктеп жасырып келесі топтың идеясын жалғастырады. Солай жалғасады.<br>**Мақал- мәтелдерге саяхат**<br>«Көп сөз көмір, аз сөз алтын»<br>«Не ексең соны орасың»<br>Темірді қызған кезде соқ<br>Темірді қызған кезде соқ<br>Ата асқар тау, Ана бауырындағы бұлақ, Бала жағасындағы құрақ<br>Ұясын ұнатпаған құс – оңбас<br>Араға ерсең балдан татарсың, Қоңызға ерсең қиға батарсың<br>Тауы биік болса, шатқалы да терең<br>Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ<br>Жер қазына, су алтын.<br>Жігіттің құны жүз жылқы, Ары мың жылқы. |

| | |
|---|---|
| | **ҚБ: «Смайлик » әдісі арқылы бағалайды** |
| **Сабақтың соңы** | **4. « Конверттегі идея » әдісі** арқылыоқушылар «Бұтағы көп ағашқа құс қонады, Атағы жақсы адамға сөз ереді. Ағаш басына жел үйір, Жақсы адамға сөз үйір» мақалдарынан жаратылыстану ғылымдарына байланысты құнды ой жинақтап, ойы жазылған парақты конвертке салып, топтар өзара алмасады, талқыланады, жинақталады.<br>**5. Кері байланыс . « Екі жұлдыз, бір тілек » әдісі арқылы кері байланыс жасайды.** |

| | |
|---|---|
| **Сабақ № 10** | Мұғалім: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдер тұрмыста |
| **Сабақтың мақсаты** | Мақал- мәтелдердің мәнін түсініп, тұрмыста қолданылуына талдау жасайды. Тапсырмаларды орындай отырып, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіреді. |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру**<br>**« Жасырын тілек »** тренингісін өткізеді. |

| | |
|---|---|
| | Мақсаты: Ынтымақтастық орта орнату.<br>**2. « Кувертка » әдісі**арқылы оқушылар мақал- мәтелдерді тыңдайды.<br>**Мақсаты:**Идеялар талқыланады, жинақталады<br>**Қолданылуы:**А-4 парақ екіге бүктелініп, жұпта кезек –кезек идеялар жазылып, ой бөліседі<br>**ҚБ:«Бағдаршам» әдісі** арқылы топтар бірін бірі бағалайды. |
| **Сабақтың ортасы** | **3. «ДЖИКСО» әдісі** арқылы оқушылар мақал- мәтелдерге кіріспе жасап, меңгерген ақпараттарымен бөліседі.<br>**Мақсаты:** Ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.<br>**Қолданылуы**: оқушылар шағын топтарға бірігіп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр-қайсысы өз нөміріне сәйкес мақал –мәтелдерді оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады №1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.<br>1,Шеге тағаны сақтайды, Таға тұлпарды сақтайды. Тұлпар ерін сақтайды, Ер елін сақтайды.<br>2.«Үйдің жылы, суығын Қыс түскенде білерсің.<br>3.Шөлмекмыңкүнсынбайды, бір күнсынады.<br>**ҚБ: « Пайыз » әдісі арқылы бағалайды** |
| **Сабақтың соңы** | **« Серпілген идея » әдісі** арқылыоқушылар мақал- мәтелдер тұрмыста кезедесетініне құнды ой жинақтап, ойды кезек-кезекпен айтады. Ойлар қайталанбауы керек.<br>**. Кері байланыс . « Табыс » әдісі арқылы кері байланыс жасайды.** |

| | |
|---|---|
| **Сабақ № 11** | Мұғалім: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Мақал- мәтелдер және табиғат |
